

«Педагогикалық триумф»

2015 жылғы ақпанда Облыстық тәлімгер шеберлік мектебі өз жұмысын жалғастырды. Осы жыл Павлодар облысының қалалық және аудандық балалар қозғалысының координаторлары, аға тәлімгерлер, әдіскерлер үшін шығармашылық трифум күні болып саналды. «Аға тәлімгерлердің тәрбие жұмысында кейс-технологиясын қолдану» шығармашылық семинар аясында Павлодар қаласынан 26 тәлімгер, Ақсу, Екібастұз, Павлодар, Май, Железинка, Қашыр және Шарбақты аудандары әр түрлі бағытта өздерінің атқарылған жұмыстарын презентация арқылы көрсетті. Көшбасшылық бағыты, волонтерлік жұмыстары, салауатты өмір салтын қалыптастыру, патриоттық тәрбие, жобалық қызмет бойынша көптеген материалдар ұсынылды. Павлодар қаласы № 8 мектеп-лицейінің тәлімгері Е.А. Юрченко, Павлодар аулының №40 ЖОМ тәлімгері Маракина Н.Н., Павлодар ауданының Чернорецк ЖОМ тәлімгері Сулейменова Г.И., Шарбақты ауданының №2 НМ тәлімгері Сазонова Е.М., Лебяжі ауданының балалар қозғалысының координаторы Жиеналина Г.Ж., Павлодар қаласының № 25 ЖОМ тәлімгері Болатова Е.Б., жоғары бағаға ие болды. Тәжірибе өткізу кезінде кейс-технологиясын қолдану бойынша семинарға қатысушылар теориялық ақпарат алып қана қоймай, сонымен қатар берілген педагогикалық жағдаяттарды талқылады. Семинар соңында 94 тыңдаушыға сертификаттар тапсырылды.





